

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 желтоқсан N 1700

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Алатау" спорт сарайының құрылысын аяқтау және оны пайдалануға беру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне "Алатау" спорт сарайының құрылысы бойынша орындалған жұмыстар көлемі үшін есеп айырысуларды аяқтауға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге де күтпеген шығыстар үшін көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 193 740 797 (бір жүз тоқсан үш миллион жеті жүз қырық мың жеті жүз тоқсан жеті) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бөлінетін қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі